

2018 - 2019 оқу жылына жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2018 жылғы 24 тамыздағы № 46/01 қаулысы.
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 қыркүйекте № 4916 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына, Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 37/02 "Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4886 болып тіркелген) және жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссияның 2018 жылғы 03 тамыздағы № 2 шешіміне сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018-2019 оқу жылына жоғары білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. 2018-2019 оқу жылына жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Қарағанды облысының білім басқармасы", "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемелері заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түсетін азаматтармен жасалған шарттардың тиісті орындалуын;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қарағанды облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдауын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

Қарағанды облысы әкімдігінің
2018 жылғы "24" тамыздағы
№ 46/01 қаулысына
1 қосымша

2018-2019 оқу жылы жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындар тізбесі (жергілікті бюджет есебінен)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

№	Жоғары оқу орынның атауы	Жоғарғы білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	2018-2019 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (күндізгі)
1	2	3	4	5
Білім				
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	5
		5B010500	Дефектология	5
		5B010900	Математика	5
		5B011000	Физика	5
		5B012800	Физика-Информатика	5
		5B012500	Химия-Биология	5
5B012900	География-Тарих	5		
2	"Болашақ" академиясы" жеке меншік мекемесі	5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	5
Техникалық ғылымдар және технологиялар				
3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B100200	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	5
		5B070800	Мұнай-газ ісі	5
			Барлығы	50

Қарағанды облысы әкімдігінің
2018 жылғы "24" тамыздағы
№ 46/01 қаулысына
2 қосымша

2018-2019 оқу жылы жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындар тізбесі (жергілікті бюджет есебінен)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі

--	--	--	--	--

№	Жоғары оқу орынның атауы	Жоғарғы білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	2018-2019 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (күндізгі)
1	2	3	4	5
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)				
1	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	6R112600	Анестезиология және реаниматология, оның ішінде балалардың	3
		6R114400	Акушерлік және гинекология, оның ішінде балалардың	5
		6R114300	Неонатология	2
			Барлығы	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК